

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 шілде N 812

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мына мемлекеттік мекемелері құрылсын:

- 1) "Сұңқар" арнайы мақсаттағы жасағы";
- 2) "Автокөлік қызметін көрсету мекемесі".

2. Құрылатын мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелердің Ережелерін бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1443 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі